



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ САЯСИ ИНСТИТУТТАРҒА КӨБІРЕК СЕНІМ АРТАДЫ? (2022 жылдың тамыз айының нәтижелері бойынша)

Халықтың саяси институттарға сенімі – кез келген саяси жүйенің тұрақтылығының негізі. **Қазақстанда барлық саяси институттарға респонденттердің жартысынан астамы сенім білдіреді.** Бұған 2022 жылдың тамыз айында барлық 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қалада ҚСЗИ жүргізген өңірлік әлеуметтанулық мониторинг нәтижелері дәлел болады.

Саяси билік институттарының ішінде халықтың ел Президентіне деген сенімі жоғары, оған респонденттердің 83,9%-ы сенім білдіреді («Иә, мен сенемін» және «Сенемін деуге болады» деген жауаптардың қосындысы бойынша). Сенім көрсеткіші бойынша үздік үштікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әскер кірді (әрқайсысы 61,5%).

Мемлекет басшысына деген сенім деңгейі екі бағытта да аздап (3-5% шегінде) ауытқығаны болмаса, соңғы бірнеше өлшемде **тұрақты жоғары болып отыр.** Мәселен, 2022 жылғы ақпанда ел Президентіне сенім білдіргендер саны 81,4%-ға, 2022 жылғы мамырда – 87,1%-ға, 2022 жылғы тамызда – 83,9%-ға жетті.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне сенімнің ең төменгі деңгейі 2022 жылғы ақпанда – 53,2%-ды құрады. Мамыр айында (68,0%-ға дейін) айтарлықтай өссе, 2022 жылғы тамызда – 61,5%-ды құрады.

САЯСИ ИНСТИТУТТАРҒА ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМ ДЕҢГЕЙІ

(«Иә, мен сенемін» және «Сенемін деуге болады» жауаптарының қосындысы), тамыз 2022 ж.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевқа	83,9%
ҚР Үкіметіне	61,5%
ҚР Әскеріне	61,5%
Полицияға	59,2%
ҚР ҰҚК	59,0%
ҚР Парламентіне	58,4%
Елді-мекен/республикалық маңызы бар қаладан басқа әкімдерге	57,8%
Облыс/республикалық маңызы бар қала әкімдеріне	56,9%
Маслихаттарға	52,8%
Саяси партияларға	50,9%